


Канада

- Жерінің ауданы – 9 мың км²
- Халқы – 32,3 млн адам (2004 ж.)
- Астанасы – Оттава
- Мемлекеттік құрылымы – Британ Бірлестігі құрамындағы парламенттік конфедерация
- Мемлекет басшысы – Ұлыбритания королевасы
- Үкімет басшысы – премьер-министр
- Заң шығаруши органды – екі палаталы парламент
- Мемлекеттік тілі – ағылшын және француз тілдері
- Ұлттық валютасы – канада доллары
- Әкімшілік-аумақтық бірлестігі – провинциялар және аумақтар

Канаданың мемлекеттік туы







Шаруашылығы.

Өнеркәсіп

Өндіруші өнеркәсіп: никель, күміс, алтын, қорғасын, мыс, табиги газ.

Өңдеуші өнеркәсіп: машина жасау, агаши өңдеу, отын-энергетика, тұсті металлургия.


Канада өнеркәсібінің отын-энергетика саласы жергілікті шикізатқа негізделеді. Елдегі энергетикалық шикізат көздерінің үлесі 18-сызбанұсқада көрсетілген.

Ауыл шаруашылығы.

Канаданыңдалалы аймагында жоғары тауарлы ауыл шаруашылығы дамыған. Мүйізді ірі қара мал және құс өсіру Ұлы көлдер маңында дамыған. Канада жерінің 10%-ы ауылшаруашылығына жарамды деп есептеледі. Канада далаларын алып жатқан ұлан-гайыр егістіктердегі басты шаруашылығы дақылы – бидай.



18-сызбанұсқа. Канаданың отын-энергетика балансындағы энергетикалық шикізат түрлерінің үлесі.



Мемлекеттің қалыптасуы мен құрылымы

1867 жылы 1 шілдеде Канада Британ империясы құрамынана шықпай, өз үкіметін қалыптастыруғы құқық алды. Сонымен іс жүзінде тәуелсіздік алған ел Канада доминионы деп аталды, ол құрылымы жағынан 4 провинцияны біріктірді.

Канаданың қазіргі шекарасы XIX ғасырдың 70-жылдарында қалыптасты, ал Ньюфаундленд аралы ел құрамына 1949 жылы енгізілді. Мемлекеттік құрылымы жөнінен Канада – 10 провинция мен 2 аумактан тұратын парламенттік конфедерация. Мемлекеттік басқару жүйесі жөнінен федеративтік конституциялық монархия. ресми түрде Ұлыбритания королевасы мемлекет басшысы болып есептеледі. Канадада оның әулиеті ретінде генерал-губернатор қызым етеді. Үкіметті премьер-министр басқарады.



Табиғат жағдайлары мен ресурстары

Канада — дүние жүзінде жер көлемі жөнінен Ресейден кейін екінші орын алады. Елдің солтүстік бөлігі Канада Арктикалық топаралындағы (архипелаг) аралдарды қамтыса, онтүстігі мен солтүстік-батысында Америка құрама Штаттарымен шектеседі.

Орасан зор Канада жерінің табиғат жағдайлары әркелкі. Климаты аса қатал болатынелдің солтүстік бөлігінде Канада Арктикалық топаралы мен жағалық жазықтар орналасқан. Канаданың Британ Колумбиясы деп аталатын провинциясы орналасқан қыыр батысы таулы келеді.

Канаданың қоныржай белдеуінде орналасқан онтүстік-шығыс бөлігінде табиғат жағдайлары салыстырмалы түрде қолайлы. Бұл өлкенің басты байлығы – көгілдір көлдер мен қалың ормандар. Көлдердің жалпы саны жөнінен Канада бірінші орын алады.

Пайдалы қазбалары: алтын, темір, уран, күміс, мысникељ, калий тұздар, мұнай мен газкен орындары.

Құндыз Канаданың ұлттық символдарыныңбірі болып табылады. Канада аумағының 30%-ын алып жатқан ормандарда бағалы ағаштар түрлері өседі.



Халқы

Канада халқының саны 32,2 млн адамды құрайды.


Халықтың орташа тығыздығы әр шаршы км-ге 3 адам болғанмен, халық ел аумағы бойынша біркелкі орналаспаған.

Елдің байыргы халқы – эскимостар мен үндістер. Эскимостар қызыр солтүстіктегі кішігірім топтарға бірін өмір сүреді. Қазіргі кезде Канадада үндістердің 600-ге жуық тайпалары мекендейді, олардың елхалқындағы үлес салмагы 4% ғана.

Канадада немістер, италиандықтар, голландықтар, поляктар, еврейлер, норвектер, шведтер мен орыстар тұрады. Азиялықтардан жапондар, қытайлар, үнділер мен арабтар тұрады.

Діни нанымы бойынша халықтың басым көпшілін христиан діндегілер құрайды. Сонымен қатар мұсылмандар, иудейлер, буддизм мен дәстүрлі діндердің өкілдері құрайды. 1- сыйбанұсқа

2003 жылы Канадада туу коэффициенті 11%, ал өлім коэффициенті 7% болды, Табиғи өсүнің орташа жылдық көрсеткіші 4%-ні құрайды.



Сыртқы байланыстары

Канада — БҰҰ-га, ОБСЕ-ге, НАТО-ға, Америка мемлекеттік үйымына, Британ Бірлестігіне мүшін ел. Сыртқы саудасының жалпы көлемі жөнінен Канада дүние жүзінен алтыншы орын алғанымен, жан басына шаққандағы сауда айналымының көрсеткіші бойынша бірінші орын иеленеді. Жалпы елде өндірілетін өнімнің 1/4 бөлігі экспортқа шығарылады, ал ағаш өндеу және аллюминий өндірісінде бұл көрсеткіш 60%-ға жуық. НАФТА құрамындағы Канада мен АҚШ арасындағы экономикалық байланыстардың дүние жүзінде тенденсі жоқ деуге болады: Канадада өндірілетін өнімнің 84%-ы АҚШ-қа жеткізіледі.

Қазіргі кезде Канада мен Казакстан арасындағы жан-жакты өзара байланыстар дамып келеді. Елімізде Канада қаржысының қатысуымен 87 бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді.



Туристік объектілері.

Канадаға жыл сайын жан-жақтан келетін туристердің тамашалайтын басты объектілері — үлттық саябақтар. Жалпы елдегі қорғалатын аумақтардың жалпы ауданы — 730 мың км³. Олардың ең ірісі — Вуд Баффало Канаданың солтүстік-батысында орналасқан. Мұнда бизондардың ірі табаны сақталған.

Канадада 2 мыңнан аса мұражай мен тарихи саябақтар бар. Әсіресе Вакувердегі теңіз мұражайы әлемге кеңінен танымал.

